

ОӘЖ 336.647

**КОМПАНИЯНЫҢ АЙНАЛЫМ КАПИТАЛЫНЫҢ ҚҰРАМЫН ЖӘНЕ  
ҚҰРЫЛЫМЫН ОҢТАЙЛАНДЫРУ ЖОЛДАРЫ**

**Кабиев Нурбакыт Багдатович**

*Kabiev.98@list.ru*

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҮУ студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – ә.ғ.к., профессор Керімбек F.E.

Нарықты экономика жағдайына көшкелі, егемен еліміз дамудың талай сындарлы жолдарынан өтті. Ашығын айту керек, ілгерілеуден гөрі іркілістер әлі де басымырақ болып отыр. Өнеркәсіп өндірісінің даму қарқыны өткен жылғыдан біршама төмендеп кетті. Әсіресе, өндеуші өнеркәсіп “тұсаулы” жағдайдан шыға алмай-ақ келеді.

Айта келе қорды пайдалануда жоғары нәтижеге жету үшін, жүйенің өндірістік-техникалық ерекшелігін мінездеу үшін факторла мен бағыттар қолдану қажет, ал бұл келесіде байқалады – берілген жүйе масштабы, оның динамикасы, ағымдағы қуат шоғыры, ресурс белгінің өзгеруі, иерархиялық басқару құрылымының күрделілігі, жүйелік, тұтастық, материалдық ресурстарды өзгертуге үлкен қабілеттілік және т. б.

Құрылым материалдар өнеркәсібінде негізгі шикізатты ұнтақтау жүйесінің дамуы негізгі қордың жақсаруымен көрініс табады, жана техника мен технологияны енгізу

арқылы, яғни гипс пен мәрмәр тас өндірістерінің экономикалық көрсеткіштерін жақсарту деген сөз (өзіндік құн, табыс, рентабельділік, еңбек өнімділігі, жеке қор салымдары және т.б.)

Қазақстан Республикасының экономикасын қазіргі кезеңге сай өркендедүдің басты ерекшелігі – оны ғылыми-техникалық прогресс пен шаруашылық механизмдерін жүйелі түрде қайта құру арқылы сауықтыру. Бұл жағдайда өнеркәсіп кәсіпорындарының басқа халық шаруашылығы салаларының кәсіпорындарына қарағанда біраз артықшылығы бар. Мұндай кәсіпорындардың қор сыйымдылығы аз және қайтарымы басқа салаларға қарағанда жоғары, айналым қаржыларының айналымдылығы жылдам орташа қырық құн. Міне, осындай артықшылықтарды ескере отырып тек өнеркәсіп кәсіпорындарын ғана емес, сонымен бірге еліміздің экономикасын да көтеруге болады.

Бұгінгі таңда өндірістік өнеркәсіп ұғымы кең етек алуда. Ол жеке өндірістік бірлік, оның негізі болып кәсіби ұйымдастыраның еңбек ұжымы, өзінің қол астындағы өндірістік құрал-жабдықтар қолдана отырып, тұтынушыларға профиліне, түрлеріне қарай қажетті өнім шығару болып табылады. Өндірістік кәсіпорындарға зауыттар, фабрикалар, карьерлер т.б. жататыны бізге жақсы мәлім.

Өнеркәсіптің ішкі ортасы адамдар, жұмысшылар, өндірістік құрал-жабдықтар, ақпарат және қаржы. Осы ішкі ортаның компоненттерінің бір-бірімен байланысуының нәтижесі болып дайын өнім болып табылады. Өндірістік кәсіпорынның негізін белгілі бір кәсіби құраммен, квалификацияланған адамдар құрайды. Оларға қажет құрал-жабдықтар, өнім шығаратын негізгі құрал-жабдықтар, айналмалы құрал-жабдықтар. Өнеркәсіпке қажет материалдар мен құрал-жабдықтар, жалақымен, электр қуатымен т.б. есептесу үшін ең бастысы қаржы керек. Ол қаржы банктегі есеп-шотында және өнеркәсіп кассасында жиналады. Сонымен қатар, өнеркәсіптің жұмыс істеуіне ақпарат керек, екеуі де ұмытылмауга тиіс.

Кәсіпорын қызметі бағыттарының бірі болып импортты алмастыру өнімінің өндірісін ұйымдастыру, нақтырақ республиканың Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс аймақтарының қажетсінулеріне сәйкес құрылышы цементінің өндірісі болып табылады [1].

Әрбір кәсіпорын материалдық игіліктерді өндіріп, қызмет көрсетеді. Ресурстық тапшылық жағдайында әрбір кәсіпорын минималдық шығын деңгейінде максималды нәтижеге ұмтылу керек. Кәсіпорын жұмыс орнын ұсынып, жалақы төлейді. Салық төлеу жолымен ол мемлекеттің экономикасының дамуындағы мемлекеттік бағдарламалардың жұмысына қатысады. Бұл дегеніміз нарықтық қатынастар жағдайында кәсіпорын өзінің болашағына тигізер үлесінің бір бөлігі ретінде ол өзін-өзі ұйымдастырушы және өзі өндіретін әлеуметті-өндірістік механизм, өндірістік, шаруашылық және әлеуметтік шешімдердің автономдық орталығы болып табылады деген сөз.

Кәсіпорын деңгейінде дамудың жылжымалы мотивтері болып сату көлемінің өсімі және бір жағынан кәсіпорынның экономикалық өсімін, ал екіншіден оның жұмысшыларының өмірлік стандартын қамтамасыз ететін пайда табу. Сонымен қатар кәсіпорын жұмысшыларының өнімнің сатылуы мен ұлғауына және пайда өсіміне деген қызығушылықтары әр түрлі оянады. Ол әрбір өндірістің өзінің орны мен рөлімен және де өзінің өндірістік тәсәләмен тікелей байланысты. Сондықтан да кәсіпорынның алдына құйған мақсаттарының жетістіктерінде өте маңызды аспекті болып жұмысшылар қызығушылықтарының гармонизациясы болып табылады.

Түптеп келгенде, кәсіпорын ақшалай капитал тиімділігін арттырудың негізгі бағыттары болып:

- тасымалдау үдемелі жүйесін қалыптастыру, гипс шикізатын тиімді дайындау;
- құрал-жабдықтардың жұмысқа қабілеттілігін қадағалау, экологиялық және өндірістік қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- құрал-жабдықтардың техникалық және реконструкциялық жағынан қайта қаруландыру;
- стратегиялық маңызды бағыттарды өткізу мүмкіндігін жасау, гипс өнімін және

гипс шикізатын диверсификациялау.

Өндірістің барлық әдістері алдынғы формациялардың аясында қалыптасып қана қоймайды, олар өзінің дамуына қолайлы сәтті күтіп жаңа қатынастар мәйегі негізінде пайда болады. Қоғамдық өндіріс өндіргіш күштер мен өндірістік қатынастардың бірлігі екендігі жақсы мәлім. Ал оның орын алуы, дамуы белгілі бір факторларға байланысты. Демек, кәсіпорын тиімділігін жоғарлату жолының негізгі бағыты ретінде ғылыми-техникалық прогресстің алар орны өзгеше. Яғни, өндіргіш күштердің тарихи өркендеуінің нәтижесі қазіргі ғылыми-техникалық прогресс (FTП). XX ғасырдың елуінші жылдарынан басталған ғылыми-техникалық прогресстің өзіне тән қазіргі көріністері және ерекшеліктері бар. Осы ерекшеліктер кәсіпорынның тиімділігін жоғарлатуда аса маңызды рөл атқарады, атап айтқанда;

- FTП кең ауқымды, әмбебап сипатқа ие болды. Ол қоғам өмірінің барлық жақтарын қамтып, ұдайы өндіріс фазаларына ықпалын тигізеді. Өндіріс пен еңбекті ұйымдастыру және басқару жүйесін мұлдем өзгертіп, сапалық жаңалықтар енгізеді;

- өндірістің интеграциялық қатынасының жоғары дәрежеге жетуі. Экономикалық есү – өрлеудің факторлары мен қайнар көздерін, шаруашылық құрылымын және т.б. жағдайларды күрт өзгертерді;

- қазіргі FTП-тің ерекшеліктерінің бірі- микроэлектрониканың жедел қарқынмен дамуы және пайдаланылуы болып табылады. Микроэкономикалық техниканың негізінде электрондық ақпарат, жасанды интеллектуалды элементтерді бойына дарытқан қазіргі компьютерлер, икемді автоматтандырылған өндіріс пайда болды. Бұл қазірдің өзінде, әсіресе келешекте қоғамдық өндірісті дамытудың негізгі факторларына айналары сөзсіз;

- FTP-тің қарқынды дамуы қоғамдық өндірісті алға бастырудың айқын көрініс;

- қалдықты аз қалдыратын немесе тіпті қалдықсыз технология өмірге келді. Мұның экономикалық және экологиялық маңызы өз алдына ерекше, өндіріске озық технологияны пайдалану қазіргі ғылыми-техникалық прогресстің негізгі көріністерінің бірі, машина компонентіне және элементтеріне жаңа сапалық өзгерістер енді. Бұл жағдай адамның өндірістегі орны мен рөлін мүлдем өзгертуі, жаңа биік талаптар қойылды, қазіргі FTП әлемдік сипатқа ие болды.

Қазіргі FTP өте тапшы шикізаттарды жасанды жолмен алған заттармен алмастырудың негізгі бағыттарының біріне айналдырып отыр. Бұл шикізаттарды өндөудің жаңа әдістерін одан сайын жетілдіріп және іс жүзінде пайдалануды тездедеді [2].

Тәуелсіздікке қолы жеткен жас мемлекет Қазақстан үшін кәсіпорындар тиімділіктерінің жоғарлауының маңызы зор. Негізгі деп қаралатын мәселелердің қатарына біз шаруашылық салаларының және экономиканың құрылымдық өзгеріске ұшырауы, техника мен технологияның бір типтегі түрлері, бірлескен жұмыс құшінің кәсіптік-мамандық құрылымының өзгеруі, жұмыс құшінің сапасына деген талаптың өсуі, еңбек өнімділігі мен еңбек интенсивтілігінің артуы, өндірістік емес салада жұмыс істеушілердің улес салмағының өсуі және т.б. жатқызамыз.

Кәсіпорын өндірістің тұрақты өсуі үшін өзіндік мақсат пен бағдар ұстайды. Бұған тек жоспар ғана емес, басшылардың жеке мүдделерін көздейтін ойлары да ықпал етеді. Олар үшін өндіріс қөлемінің өсуі-тұрақты жеке табыстының көзі. Өндіріске қажетті қаражатты (ағымдағы және күрделі қаржыны) кәсіпорын мемлекеттен алады, сондықтан олардың тәбетінде шек болмайды. Мұндай жағдайда қосымша күрделі қаржыдан өздігінен бас тартатын кәсіпорын басшысын кездестіру қын, өйткені ол кәсіпорын үшін ештеңеге де тұрмайтын еңбексіз табыс. Банкрот жағдайдың өзінде де кәсіпорын қаржыдан бас тартпайды, кез-келген зиянды шығындарды мемлекет өндірісті қамсыздандыру шаралары ретінде жауып отырады. Ең бастысы, техника мен технологияны жаңарту талаптары, шикізат пен энергетикалық ресурстардың барышылығы экономикада кәсіпорынның реттегіш рөлін едәүір көтеріп отыры [3].

Дегенмен, кәсіпорын іс-әрекетінің тиімділігін арттыру үшін олардың мәртебесін өзгерту қатаң жұмыс ырғағы бар мемлекеттік кәсіпорындарды біршама кең көлемді

дербестікке ауыстыру керек. Өндіріске принципиалды жана технологияны енгізу, өндіріс үдерісіне үлкен икемділік, тез өзгеріп тұратын өндірістік және жеке қажеттіліктеге бейімделу мүмкіндігін беру, микроэлектрониканы кеңінен қолдану мен тарату көптеген материалдық және еңбек шығындарын үнемдеп, комплексті автоматтандыруға көшуге жағдайдың тууы кәсіпорынның игілігіне, сонымен қатар, өндірістің ғылыми сыйымдылық дәрежесін де күрт көтереді. Жалпы алғанда, кәсіпорын жағдайына үлкен ықпал ететін циклды факторлардан тәуелсіздігі аз, жоғары тұрақтылықты сипаттайтын жоғары технология салалар кешенін пәрменділікпен дамыту үлкен маңызға ие болады. Ақпараттық саланың рөлі мен маңызының өсуі әр қылыш электронды – есептеу техникалары өндірісі мен оны бағдарламамен қамтамасыз ету, сол сияқты ақпаратты жинақтап, өңдеуді де қамтиды.

Кәсіпорынның негізгі өндірістік қорлары экономикалық болашақтық материалдық базасын, олардың өндірістік аппаратын құрайды. Негізгі қорлардың құрамын сапалы жетілдіру, оларды пайдаланудың тиімділігін жақсарту еңбек өнімділігін көтерудің, өнімнің өзіндік құнын төмендетудің негізгі факторлары болып табылады. Кәсіпорынның технологиялық мүмкіншілігін тиімді пайдалануды көтерудің негізгі жолдары – бұл өндіріс үрдістерінің механизациясы және автоматизациясы, құрал-жабдықтардың тұрып қалуын резервтік қуаттылықтың жүктеуін реттеу жолымен төмендету, негізгі номенклатураға кірмейтін өнім дайындау, құрал-жабдықтардың ауыстыру коэффициентін көтеру техниканы автоматтандырылған басқару жүйесімен жабдықтандыру, ғылыми техникалық жетістік шараларын жүргізу және т.с.с.

Өнімнің өндірісін өсіру, өзіндік құнын азайту, өнім сапасын жақсарту, мүлікке салықтың азауы және баланстық өсімнің тұсуі, кәсіпорынның ақшалай капиталын пайдалануын жақсарту оның қаржылық нәтижелеріне әсер етеді.

Кәсіпорында ақшалай капиталды пайдалануды жақсарту мына жолдармен жетуге болады:

- кәсіпорындағы ақшалай капиталды арендаға беру немесе артық жабдықтардан, машина және басқа ақшалай капиталын жасату;
- құралдарды жөндеулерді уақытында және сапалы түрде жоспар бойынша өткізіп тұру;
- жоғары сапалы ақшалай капиталмен мүліктену;
- қызмет көрсетуші персоналдардың квалификациялық деңгейін көтеру;
- шамадан тыс моральды және табиғи тозуды болдырмау мақсатында ақшалай капиталдың, әсіресе активті бөлімді уақытылы жаңартып отыру;
- өндіріс үдерісіне материал және шикізат дайындығын сапалы жақсарту;
- өндірістің механизация және автоматизация деңгейін жақсарту;
- экономикалық мақсатта жөндеу қызметтерін орталықтандыру;
- өндірісті концентрациялау, мамандандыру және құрамалау деңгейлерін жақсарту;
- аз қалдықты, қалдықсыз, энерго және отын үнемді – жаңа техника және жетілдірілген технологини ендіру;
- машиналар мен жабдықтарды, тоқтаулар мен жұмыс уақытын жоғалтуларды қысқарту мақсатында ұйымның өндірісі мен еңбегін жетілдіру;
- кәсіпорынданы ақшалай капиталды пайдалануды жақсартудың жолдары сол немесе басқа кезеңде болған нақты шарттарға байланысты болады.

Негізгі өндірістік қорлардың құрылымына әсер ететін негізгі факторлар болып төмендегілер табылады:

1. шығарылатын өнім сипаты;
2. шығарылатын өнім көлемі;
3. механизация және автоматизация деңгейі;
4. мамандандыру және коопирациялау деңгейі;
5. кәсіпорындардың климаттық және географиялық орналасу жағдайлары.

Бірінші фактор ғимараттардың көлемінде және құнына, тасымал құралдарының және жеткізетін құрылғылар үлесіне әсер етеді. Қанша шығарылатын өнім көлемі (екінші

фактор) көп болса, сонша құрал-жабдықтардың және арнаулы жетілдірілген жұмыс машиналарының үлес салмағы артады. Қорлардың құрылымына үшінші және төртінші факторлардың әсер етуі дәл осындай сипатта. Климаттық жағдайлардан ғимараттармен құрылыштар үлесу байланысты. Негізгі қорлардың өндірістік құрылымына концентрацияның, маманданудың, коопирациялау және өндірісті біріктірудің дамуы әсер етеді, оған тағы да капиталдық құрылыш әсер етеді. Құрылыштың құнын төмендету арқылы, мысалға өндірістік ғимараттардың, негізгі қорлардың салмақты элементі үлесінің жалпы құнын төмендетуге болады және осының арқасында жаңа кәсіпорынның негізгі қорларына салынған шығындардың тиімділігін көтеруге болады [4].

Негізгі өндірістік қорлардың құрылымын жақсартуға төмендегілер мүмкіндік береді:

- құрал-жабдықтарды жаңарту және модернизациялау;
- станок және машиналардың жетілдірілген түрлерінің үлесін көтеру нәтижесінде құрал-жабдықтардың құрылымын жетілдіру, әсіресе мәрелік операцияларды орындастырын станоктар, автоматты және жартылай орындастырын станоктар, әмбебап агрегаттың станоктар, автоматтық машиналарды, сандық бағдарламалармен басқарылатын станоктар;
- ғимараттарды және үйлерді жақсы қолдану, бос аландарда қосымша құрал-жабдықтар орналастыру;
- құрылыш жобаларын дұрыс жасау және кәсіпорынның құрылыш жоспарларын жоғары сапалы орындау;
- аз пайдалынатын және артық құрал-жабдықтарды және оның бөлек топтарының арасында дұрыс пропорцияларды қамтамасыз ететін құрал-жабдықтарды орнату.

### **Қолданылған әдебиеттер**

1. Тағазова С. Рынок жағдайындағы айналым капиталының құрамы мен құрылымын тиімді оңтайландыруының рөлі // ҚазЭУ хабаршысы.- 2008, №5. - 126 б.
2. Айналым капиталын қолдану тиімділігіне әсер ететін факторларды басқару әдістері // ҚазЭУ хабаршысы: -2010, №5. 15-27 б.
3. Айналым капиталының құрылымы және қаржыландырудың әдістері// Банки Казахстана: -2012, №10. 20-35 б.
4. Айналым капиталының негізгі элементтерін басқару әдістері // Банки Казахстана: -2011, №11.